

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Хлебодаровка жалпы орта білім беретін мектебі

Мектепалды О «Б» сыныбы

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 3-апта 17 - 21 қараша 2025-2026 оқу жылы

Адал азамат біртұтас тәрбие «Әділдік және жауапкершілік» айы

«Апта дәйексөздері»- «Жауапкершілік - адамгершілік қасиеттің көрінісі»

Күн тәртібі	Дүйсенбі 17.11	Сейсенбі 18.11	Сәрсенбі 19.11	Бейсенбі 20.11	Жұма 21.11
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	Адалдық әліппесі Демалыс күнін қалай өткізгенін сұрау Сыйластық туралы өз ойларын сұрау Ойын: «Мен қишаймын?» (Бір қыз, бір ұл болып араласып тұрады. Көршісіне «Мен сені сыйлаймын, сенімен достасқым келеді» деп, оның қолын қысады.)	Адалдық әліппесі Мейірімділік туралы әңгімелесу. Күлдеген күн мейірімді! Кірісіңіз ақ қар мейірімді! Тата мөлдір су мейірімді! Бәрімізді көтеріп тұрған жер мейірімді! Аяулы анам мейірімді! Қамқоршы атам мейірімді! Еңбек тапсырмасы: Балықтарға жем беру Ойын: «Мейірімділік жібі» (Балалар бір - бірлеріне жіпті беріп, тілектер айтады. Ақырғы бала жіп орымын мұғалімге беріп, өз тілегін айтады)	Адалдық әліппесі «Өз отбасындағы қуанышты кездесулер» туралы айтып беру. Еңбек тапсырмасы: Ойыншықтарды жуу,сөреге жинау Ойын: «Мейірімділік гүліне» құрастыру (Балалар әр түрлі мейірімді сөздер айтып гүл күлетелерін құрастырады)		
Ата-аналармен немесе басқа заңды өкілдермен әңгімелесу, кеңес беру	Өнегелі 15 минут Ата-аналармен кеңес: «Балалар агрессиясы» Агрессивтіліктің алдын алу Балда шамадан тыс агрессивтіліктен аулақ болудың ең жақсы жолы-оған сүйсінеушілік таныту. Өзін жақсы көретін бала жоқ, ол агрессивті болар еді. - Ата-аналар баланың агрессивті мінез-құлқының себептерін түсінуге және оларды жоюға тырысуы керек. - Баланың өз энергиясын төгуге мүмкіндік беріңіз. Ол жалғыз немесе досымен көңіл көтерсін. Шамадан тыс белсенді баланың отыруына жол бермеңіз. Оның энергиясы «сейбіт» мақсаттарға жұмсалсын: спорт, ғылыми үйірмелер, «шеберлер» және т. б. - Зорлық-зомбылық пен қатыгездік көріністері бар фильмдер мен телешоуларды көруді болдырмаңыз. - Балаға достар табуға көмектесіңіз, оны құрдастарымен қарым-қатынас жасауға үйретіңіз. Бірлескен сабақтарда балалар жалпы қабылданған мінез-құлық нормаларын тезірек үйренеді. - Физикалық жазаға жүтінбеңіз. - Баланың тиімді мейірімді мінез-құлықтың жеке мысалын көрсетіңіз. Оған ашуланшақтық пен ашуланшақтықты, әріптестеріңізді қорлауды, жоспар құруды,кек алуды болдырмаңыз.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті рөлдік, үстел үсті-баспа	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Тақия тастамақ Мақсаты: Балаларды жалықтырмай ойын ережесін сақтап, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа баулу. Сөздік қорларын молайту. Шарты: Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек, қарауға болмайды. Итеруге, күш көрсетулерге жол берілмейді. Ал, егер бала орнына тұрмай ұсталса немесе тақияны өзінде екенін сезбеген жағдайда,		«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Омпы Мақсаты: Шеберлікке, мергендікке, батылдыққа, шешімдікке, ырымға ырысқа-тәрбиелейді. Шарты: Ойын тегіс алаңда, жазық жерде, тіпті үлкен бөлме ішінде де ойнала береді. Ойыншы саны неғұрлым көп болса, ойын соғұрлым қызықты өтеді. Мақсат – көп асық ұтып алу. Ойнаушылар арасы 20 қадам екі көмбе сызаты да көмбенің тең ортасына		«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» Түйілеген орамал Мақсаты: Ойын ойнау барысында балаларды еңгілікке, шапшаңдыққа баулу. Шарты: Ойын жүргізу үшін ақ орамал керек. Орамалды ортасынан түйеді. Ойынға қатынасушылар алаңға жиналады да шеңбер жасап айнала

және басқа ойындар,бейнелеу іс-әрекеті,кітаптарды қарау және басқалар)	айыбы ретінде өз өнерін көрсетеді.		сызық бойына әрқайсысы екі асықтан тігеді. Тігілген асықтардың тап ортасына бір асықты омпысынан тұрғызады. Балалар кезек- кезек сақаларымен он қадам жердегі омпыны атып түсіріп, асық ұтып алуға кіріседі. Егер атушы омпыға бірден тигізсе, онда тігілген бар асықты сол алады, ал омпыға тигізсе алмай, тұрған асықтардың біреуіне тигізсе, сол асықты ғана алады. Асық жанартыла тігіліп, ойын жалғаса береді.		тұрады. Ойынды басқарушы тағайындалады. Басқарушы ортаға шығады да, қолындағы орамалды кез келген бір ойыншыға тастайды, сонан соң оны өзі қуады. Орамалды алған ойыншы дереу оны басқарушының қолына тигізбей басқа ойыншыға беріп үлгеруі керек. Сөйтіп, ойыншылар орамалды біріне-бірі өткізе береді. Орамалдан айырылып, қалған ойыншы басқарушының орнына шығады. Немесе орамалды ұстап алған басқарушы өз орнына басқа біреуді тағайындап, өзі ойыншылардың қатарына қосылады. Ойын соңында орамалды ұстатпаған тез, тапқыр ойыншы атап өтіледі. Қолына орамал тиген ойыншы оны тек басқа ойыншыға жоғарыдан ғана лақтырып бере алады
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 6				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі-ҮІӨ)	Менің Қазақстаным ҚР гимні «Жылы сөздер ойыны» Шарты: балалар шеңбер бойымен тұрады, достарына жылы сөздерін айтады.	Адалдық әліппесі Сыпайы болу үшін қандай бала болу керек? Әңгімелесу, өз ойларымен бөлісу	Адалдық әліппесі « Менің досым»ойыны Шарты: допты лақтырып, қағып алған баладан педагог досының қандай жақсы қылықтары барын сұрау, мақал- мәтел, тақпақ сұрайды.	Адалдық әліппесі «Менің айтуым бойынша». Шарты: педагог бір баланы айтып сипаттайды. Соның қай бала екенін балалар айтады.	Адалдық әліппесі - Мейірімділікті қалай көрсетуге болады? -Жақсы көретін жан - жануарларым бар ма? Сұрақ-жауап
Кестеге сәйкес ҮІӨ	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сөйлеуді дамыту Әжесін қайсысы жақсы көреді? (Әңгіме) Міндеті: Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту Күтілетін нәтиже: Жасайды: әңгіме мазмұнын бірін-бірі жалғастыру арқылы айтады; Түсінеді: әңгіменің мазмұнын, мақал-мәтелдің мағынасын, алғашқы көмектің қажеттілігін; Қолданады: дәрігердің айтқан ақыл кеңесін, дауысты – дауыссыз дыбыстарды ажыратады.	Сауат ашу негіздері Дыбыстық талдау Міндеті: Берілген дыбысқа сөз ойлап айта білуге жаттықтыру Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды. Түсінеді: сөздердің әртүрлі дыбыстардан тұратынын. Қолданады: дыбыстарды ажыратады.	Сауат ашу негіздері Сөздерді буынға бөлеміз Міндеті: Сөздерді буынға бөлуді жалғастыру, берілген буынға сөз құрауды үйрету Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздегі дыбыс санын анықтайды, сөздерді буынға бөледі. Түсінеді: сөздерді қалай буынға бөлуді. Қолданады: дыбыстарды ажыратады. «Жұл құр» ойын-жаттығуы Педагог тақтаға шеңбер бойымен бір дыбыстан басталатын екі	Сауат ашу негіздері Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу Міндеті: Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру Күтілетін нәтиже: Жасайды: буын санына қарай сөздерді ажыратады Түсінеді: буында бір ғана дауысты дыбыс болатынын. Қолданады: сөздерді буынға бөледі. «Сөздерді буынға бөл» дидактикалық	Көркем әдебиет Әкесі мен балалары Міндеті : Әңгіме мазмұнын қайталап айтуға үйрету. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу Күтілетін нәтижелер: Жасайды: әдеби жанрларды ажыратады; Түсінеді: әңгіменің мазмұнын түсінеді; Қолданады: әңгіме мазмұнынның жүйесін сақтай отырып, айтып бере алады Сиқырлы сандықшаны ашып көрейік. – Суреттен кімді көріп тұрсыңдар?

	Әкесі қайсысы жақсы көреді" әңгімесін мәнерлеп оқу Дидактикалық ойын: «Дауысты дыбыстарды ата». Ойын шарты: Педагог дыбыстарды айтып отырады, балалар дауысты дыбыс кездессе, қолдарын шапалақтайды. Дауыссыз дыбыс кездессе, тыныш отырады	Сөздермен жаттығулар. «Бірінші дыбысты анықта» дидактикалық ойыны – Балалар, мен суреттерді көрсетемін, сендер суретте бейнеленгендердің атындағы бірінші дыбысты айтасыңдар. Мысалы: ана(а), әке(ә), етік(е), нан(н), гүл(г), ыдыс(ы), алма(а), есек(е), ұшақ(ұ), аң(а), омыртқа(о), ине(н), алмұрт(а), от(о), орындық(о), елгезек(е), ешкі(е), өмір(ө), ұлу(ұ), ұршық(ұ), ірімшік(і), ін(і). – Қандай дыбыстан басталатын сөздерді айттыңдар? (Дауысты дыбыстан басталатын). – Оны қайдан білдік? – Өкпеден шыққан ауа еш келергісіз шықты. Бұлай дауысты дыбыстар жасалады. Балалар, мен тағы суреттер көрсетем айттып, бірінші дыбысына мән беріңдер. Мысалы: пияз(п), ферма(ф), пима(п), түн(т), күй(к), хат(х), шетка(ш), күрек(к), шана(ш), сырмақ(с), таға(т), халық(х). Келесі суреттердегі заттардың атын атап, бірінші дыбысын қайталайық. Мысалы: бала (б), доп(д), зер(з), бақш(б), би(б),	суреттен тақтаға іліп шығады, балаларға екі бірдей дыбыстан басталатын суреттерді қосуға тапсырма беріледі. Педагог тапсырманы орындау үшін, балаларды кезекпен тақтаға шығарады. Мысалы: алма-алмұрт, қызанақ-қызылша, етік-еміз, тақия-тарақ, от-орындық, керует күрек, сағат-сағыз, қоян-қояз, ит-ине. «Буынды айтып сөз құра» дидактикалық ойыны Ойын шарты: педагог айтқан буынға балалар сөз құрап айтады. Мысалы: На..., та..., қа..., жа..., ал..., мон..., ке..., те..., шал..., қар..., қа..., пи..., бә... т.б. Жұмыс дәптерімен жұмыс 1. Суретте бейнеленген заттарды ата. Сөзге қанша дыбыс болса, сонша дөңгелек сал. 2. Сөздерді буынға бөл. Бір буынды сөзді бір терезелі, екі буынды сөзді екі терезелі, үш буынды сөзді үш терезелі үймен сәйкестендір.	жаттығуы – Мен сендерге заттардың атын айтамын, сендер қол шапалақтау арқылы буынға бөліңдер. Мысалы: са-ғат, жас-тық, сө-ре, қа-лам, көр-гіс, көй-лек, ал-тын, сыр-ға, құ-лақ т.б. «Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы (Әр дұрыс жауалқа педагог балаларға фишка беріп отырады) – Айсұлу бізге -та буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: тарақ, тамыз, тал, табыс, тап, тапқыр, тау, тауық, таутеке, тазы, тамызық, таға, тақылдақ, таң т.б -ба буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: балық, батпақ, бақа, бағдат, бақ, бак-бак, банка, бакыр, Бағжан, байғазы, бай, байлық, базар, Базаргүл, балшық т.б. -са буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: сағыз, сабын, салт, Самал, сарай, сары, сай, самал, сал, сауық, сауыншы, сатушы, сауап, сауықшыл, сан т.б.	– Әкесі мен балаларына ат қояйық. (алақандарын шапалақтау) (қолдарымен Күйді салу) (мұрнымен тыныс алу) (екі алақанды алға созу) (бір-біріне үрлеу) – Үйде сендерді әкелерің қандай жақсы сөздермен еркелетеді? – Бүгін біз әкенің балаларына айтқан ақыл туралы «Әкесі мен балалары» әңгімесімен танысамыз. Авторы – орыс жазушысы Лев Толстой. Әңгіменің басқа жанрдан ерекшелігі – оқиғаны қысқа баяндайды. Педагог әңгімені мәнерлеп оқиды (мазмұнын соңындағы қосымшадан қараңыз). Сөздік жұмысы: сыпыртқы – үй сыпыратын зат шыбық – сыпыртқының жеке талы Сұрақ-жауап: – Әңгіменің авторы кім? Әкесі балаларына қандай ақыл айтты? – Сыпыртқы неге сынбады? – Жеке-жеке сындырғанда, шыбықтар неге оңай сынды? – Әкесі балаларына «Әрдайым тату, бірге болсаңдар, сендерді ешкім ренжіте алмайды» деген ойды қалай білдірді? – Балалар, әрқашан бірлікте болсаңдар, сендерді де ешкім ренжіте алмайды.
--	--	---	--	---	--

		вагон(в), бұрыш(б), ғалым(ғ), бұлт(б), домбыра(д), дақ (д), вагон(в), жидек(ж), гүл(г), ғарыш(ғ),бидон(б), жалау(ж), рауғаш(р), уыз(у), лақ(л), мысық(м), нан(н), мылтық(м), моншақ(м), нар(н). Бұл дыбыстар қалай айтылды? Қалай аталады?			
--	--	---	--	--	--

«Үнемді тұтыну»- Мақсаты: Оқушылардың үнем туралы түсініктерін кеңейту, Ой - өрістерін, тілдік қорын дамыту, Үнемдей білуге ұқыптылыққа тәрбиелеу					
«Біртұтас тербие» бағдарламасы күнделікті, апта сайын және ай сайын атқарылатын маңызды шаралардан тұрады. Сол шаралардың бірі «Үнемді тұтыну». Үнемшілдік - әрбіріміздің күнделікті өмірімізде, қоғамымызда және мемлекетімізде даму мен жетістіктің бастауы.			https://www.instagram.com/p/DA6DHq2tCRL/?utm_source=ig_web_copy_link		
					

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Қоршаған әлеммен таныстыру Көлік Міндеті : Балаларға көлік туралы түсінік беру. Көліктерді топтастыра білуге үйрету Күтілетін нәтиже: *көлік түрлерін ажыратуға, олардың атқаратын қызметі туралы өңгімелеуге арналған тапсырмаларды орындайды/жасайды; *өрт сөндіргіш машина, жедел жәрдем, құтқарушы машиналардың арнайы көлік түріне жататынын; көлік түрлерінің қажеттілігін түсінеді; *көліктердің қызмет сапасы туралы алған білімдерін күнделікті өмірде	Математика негіздері Заттарды өлшемі бойынша салыстыру Міндеті: Балаларды ұзындығы (3 және одан да артық), биіктігі, ені немесе қалыңдығы әртүрлі заттар арасындағы өлшемдік қатынастар орнату Күтілетін нәтижелер: менгереді: заттарды салыстырады, заттардың өлшемін сипаттайтын сөздерді айтады: үлкен, кішкентай, орташа, негізгі түстерді атауды; сипаттамаларына сәйкес жіктеуді; түсінеді: заттарды өлшемі бойынша қалай салыстыруға болатынын; қолданады: заттарды көзбен көру арқылы салыстыруды, заттардың белгілерін анықтауды.	Математика негіздері Заттарды өлшемі бойынша салыстыру Міндеті: Беттестіру, тұтастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру Күтілетін нәтижелер: менгереді: заттарды салыстырады, заттардың өлшемін сипаттайтын сөздерді айтады: үлкен, кішкентай, орташа, негізгі түстерді атауды; сипаттамаларына сәйкес жіктеуді; түсінеді: заттарды өлшемі бойынша қалай салыстыруға болатынын; қолданады: заттарды көзбен көру арқылы салыстыруды, заттардың белгілерін	Математика негіздері Ұзындық. Заттарды ұзындығы бойынша салыстыру Міндеті: Заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу, ұзындығы, биіктігі әртүрлі заттар арасындағы өлшемдік қатынастар орнатуға үйрету Күтілетін нәтижелер: менгереді: «ұзын – қысқа» сөздерін айтуды, ұзындық бойынша салыстыру тәсілдерін атауды: бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы өлшеуді; «ұзынырақ қысқарырақ», «ұзындығы	Қоршаған әлеммен таныстыру Жеті ата Міндеті: - «Жеті ата» туралы түсінік беру Күтілетін нәтиже: орындайды Жеті ата ұлағатты ұлттық ұғым екенін айту жасайды; Өз ұрпағына жеті атасын үйрету қолданады. жеті атасының есімдерін жатқа біледі Қазақ халқында туған-туыстардың жалғасуын ерекше атаумен сақтаған. Ол «Жеті ата» деп аталады. Қазақ халқы туыстық жалғасу естелігін болашақ ұрпақ үшін сақтауға тырысты. Ол не үшін қажет болды? Өйткені кейінірек бұл ақпаратты балаларына, немерелеріне, шөберелеріне жеткізу үшін олардың атын, тегін арнайы дәптерге жазуды шешті. Бұл жазбалар «Тектік шежіре» деп аталды. Сөйтіп, көп
---	---	---	---	--

қолданады. тастада түйеге, атқа мінген адамдар, ат жегілген арба, жүк тиеген өгіздер суреттері көрсетіледі. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы ертедегі көлік түрлері туралы әңгіме жүргізіледі. Арба мен мәшиненің ұқсастығы мен айырмашылығын айтады. – Ертеде адамдар алыс жерлерге көзді ашып-жұмғанша жеткізетін көліктерді аңсаған, оны қай ертегіден байқауға болады? Интербелсенді тастада «Ер Төстік» ертегісіндегі кейіпкер – Желаяқтың бейнесі шығады. Мәшиненің әр бөлшегінің қызметін әңгімелейді, мысалы, мәшине шамы жолды көрсетеді, мәшиненің дөңгелегі айналып, мәшине жүреді, айнадан артқы жол қозғалысын көреді, руль мәшинені керекті бағытқа бұру үшін, орындық жүргізушінің жайлы отырып, мәшинені басқаруға қажет, тепкішек тоқтату үшін не қозғалту үшін, автомобиль корпусы, жүксалғыш т.б. – Балалар, сендер қала көшелерінен қандай көлік түрлерін көріңдер? Интербелсенді тастада автобус, трамвай, троллейбус, метро пойыздары көрсетіледі. – Бұл көліктердің ортақ атауы қандай? – Тасымалдаушы, жолушы көліктері. Педагог балаларды жол белгілері орналасқан үстелдің жанына шақырып, әр көлікке арналған аялдама белгілерін әңгімелейді. – «Велосипед» белгісі нені білдіреді? – «Велосипедке арналған жол» белгісін білдіреді. – Велосипед жолымен тағы	Ғажайып сәт. – Балалар, бізге қонаққа гномдар келді (№11 парак). Күрделі сұрақ: – Барлық гномдар бірдей ме? – Олардың қайда орналасқанын айтайық. (Алдыңғы жақта, артқы жақта, оң жақта, сол жақта т.б.). – Олармен танысайық. Педагог балаларға суреттегі әр гномды «үлкен – кішкентай», киімнің түсі, «алдыңғы – артқы», «алдында», «арасында», «жанында» сөздерін қолданып сипаттауға көмектеседі. Балалар ойынға қатысады. Гномдар суретін анықтап қарап шығады, саныды, олардың өлшемін, түсін, кеңістіктегі орнын көрсетеді. Педагог балаларға түсіндіреді: – Біз гномдарды көлемі бойынша: үлкен және кішкентай деп, және оларды киімдерінің түсі бойынша салыстырдық. Енді біз оларды бойына және көлеміне қарап салыстыруды үйренеміз. Гномдарды өсу ретімен орналастыруды ұсынады: алдымен ең аласа гном, содан кейін сәл биіктеу т.с.с. – Мұны қалай жасаймыз? Педагог алдымен гномдарды көзбен қарап салыстыруды ұсынады, содан кейін оларды бір-бірінің жанына қойып, тексеру керектігін айтады: ұзын немесе қысқа. Ең ұзыны қай гном, қайсысы ең қысқасы (аласасы) екенін айтып беруді сұрайды. Әр гном өзінің бойына қарай кілемше алғысы келеді. Педагог ені әртүрлі, бірақ ұзындығы бірдей гномдар санына қарай тікертбұрыштар таратады – 7 дана. – Кілемшелер қалай немесе жұқа деп айтылмайды, олар: тар – кеңірек. – Кілемшелерді ені бойынша қалай орналастырамыз? Балаларды алдымен көзбен салыстырып қарауға, содан кейін беттестіру тәсілін қолданады.	анықтауды. Ойындық жағдаят. Әлия (қуыршақ) түрлі түсті 3 шарф әкелді. Педагог ленталарды немесе түрлі түсті кесінділерді көрсетеді. Кіші топтың қыздары қай шарфтың ұзынырақ екенін біле алмады: қызыл, ақ немесе жасыл. Оларға көмектесейік. Балалар салыстыру тәсілдерін ұсынады. Ең алдымен оны «көзбен» салыстырады, бірінші екеуден, одан соң үшеуін бірге салыстырады. Олар: қызыл шарф ақ шарфқа қарағанда ұзынырақ, жасыл шарф ақ шарфқа қарағанда қысқалау. Педагог көзбен салыстырудан шыққан нәтижелерді тексеруді ұсынады. Балалар шарф ұзындықтарын салыстыру бойынша жасалған тәжірибелік жұмыстарға қатысады. – Оларды салыстыру үшін осылай қоюға бола ма? (Беттестірудің қате үлгісін көрсетеді). Балалар тыңдайды және жауап береді, оларды бір-біріне беттестіру керек екенін айтады. – Олардың бір жақ ұштары бір-біріне сәйкес келуі керек. – Заттардың ұзындығын өлшеудің, оларды салыстырудың басқа қандай тәсілдері бар? Беттестіру тәсілі қолданылады. Педагог шарфтардың бір жақ ұштарының сәйкес келуін бақылайды. Педагог заттардың ұзындығын шартты өлшеуіш көмегімен өлшеуге болатынын хабарлайды. Шартты өлшеуіш ретінде қағаз кесінділерін ұсынады. Балалар шарфтың ұзындығын шартты өлшеуіштің көмегімен өлшеп, нәтижелерін айтады: қызыл шарф ақ шарфқа қарағанда ұзындау, жасыл шарф ақ шарфқа қарағанда қысқа.	бірдей», «жоғары – төмен», «биіктігі бірдей», «тар – кең», ені бірдей; жуан, жіңішке, қалыңдығы бірдей, сөздерін сөйлеу барысында қолдана білуге үйрету; түсінеді: ұзындықты шартты өлшемнің көмегімен қалай өлшеуге болатынын; қолданады: заттарды бір-бірінің үстіне қояды, бір-біріне жақындату арқылы, шартты өлшемнің көмегімен өлшеуді, салыстыруды. «Ретке келтір» ойын жаттығуы. Педагог «Түрлі түсті Кюизенер есептейтін таяқшалар» жиынтығынан таяқшаларды таратады және оларды ұзындығы бойынша (содан кейін ені бойынша) өсу ретімен орналастыруды сұрайды. Оларды кесінділермен ауыстыруға болады. Балалар тапсырманы орындайды. Педагог балалардан таяқшаларды қалай қойғандарын, ұзын немесе қысқа таяқшаларды қалай анықтап білгендерін сұрайды. Балалар таяқшаларды бір-біріне тұтастырғандарын айтып түсіндіреді. Педагог қай заттың ұзын немесе қысқа екенін білу үшін беттестіру әдісін де қолдануға болатынын айтып толықтырады. Оны жасап көрсетеді. Тәжірибелік жұмыс. 1. Педагог балалардан үстелдің ұзындығын алақанмен өлшеуді	жылдар, тіпті ғасырлар бойы ұрпақ жалында көптеген туыстар туралы мәліметтер сақталды. Әр адам жеті атасын білуі шарт. – Сонымен, «жеті ата» деген не? Кім біледі? – «Жеті ата» дегеніміз – біздің ата-бабаларымыз, біз олардан тараған ұрпақпыз. – Бала өзінен бастап әжесі, атасы, бабасы т.б. жеті атасының нақтылы есімдерін кішкентайынан жаттап өседі. Бұлардан тараған ұрпақтар бір атаның балалары саналады. Ал екінші жағынан баладан тарайтын ұрпақ әкеден төмен қарай жалғаса береді. Біздің кім кімнен тарайтынымызды білу үшін, досымыз Ер Төстік ойын алып келіпті. «Жеті атаны жинау» ойыны. Сергіту сәті. 1-ойын-тапсырма. «Киіз үй құрастыру» ойыны. 2-ойын-тапсырма. «Цифрларды тиісті жеті ата атаулары жазылған сурет-кестемен сәйкестендір» ойыны (QR-код арқылы қосымшаны жүктеу). 1. Жеті ата 2. Түп ата 3. Тек ата 4. Баба 5. Арғы ата 6. Ата 7. Әке Бала өзінен бастап әжесі, атасы, арғы атасы, бабасы, тек атасы, түп атасы және жетінші атасының нақтылы есімдерін кішкентайынан жаттап өседі. Бұлардан тараған ұрпақтар бір атаның балалары саналады. Ал екінші жағынан баладан тарайтын ұрпақ әкеден төмен қарай жалғаса береді. Ер Төстіктің пайымдауы: «Жеті атадан тараған ұрпақ жеті руды елге айналады»
---	---	---	---	---

	қандай көліктер жүре алады? – Гидроскутер, электрсамокат, ситвей көліктері жүре алады. «Автомобиль құрастыр» ойыны			сұрайды. Балалар үстелді алақанмен өлшейді. Алынған жауаптар салыстырылады. – Қалайша, үстел біреу, ал жауаптар әртүрлі? (Өйкені әр баланың алақанының өлшемі әртүрлі.) 2. Үстелдің ұзындығын шынтакпен өлше. Балалар үстелді шынтакпен өлшейді. Алынған жауаптар салыстырылады. Балалардың шынтак ұзындығы әртүрлі, сондықтан әртүрлі жауаптар шықты деген қорытынды жасалады. 3. Педагог екі баланы шақырады және ойын бұрышындағы кілемнің ұзындығын кадаммен өлшеуді сұрайды. Екі бала кілемді кадаммен өлшейді. Алынған жауаптар салыстырылады. Педагогпен бірлесе отырып, балалардың кадам өлшемі әртүрлі деген нәтиже шығарады, сондықтан өлшеуден әртүрлі нәтижелері алынды деген қорытынды жасалады	
Үлкен үзіліс: «Күй күмбірі» «Әке толғауы» Асылбек Енсепов Мақсаты: Түрліше сипаттағы музыканы сүйсіне тыңдап, тани білуге ынтасын арттыру					



3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Қазақ тілі Қасқыр Міндеті: Тілдің грамматикалық құрылымы -Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: Қасқыр – жыртқыш аңдарға жататынын білді. Түсінеді: Ертегіні тыңдап ойын қосты; Қолданады: Бояған кезде қандай түстер керек екенін ажыратты; Сәлем балалар, көңіл күйлерің қалай...? Қасқыр - жыртқыш аң. Басқа атаулары да белгілі: бөрі, ит-құс. Қасқырдың өзге хайуандардан дара, олардың ешқайсысына ұқсамайтын қасиеттері көп. Оның бойындағы осындай ерекшеліктерге негізделіп айтылатын аңыздар да жетерлік. Қасқырлардың ішіндегі көк аспан түстес келетіндері мен ақ қасқырлар аса киелі хайуан болып есептеледі. Олардың адамдарға көрінуі де сирек. Қасқырлар да үй иттері секілді үреді, арсылдайды, қыңылдайды, қынсылайды, ырылдайды және ынырсиды. Әсіресе, олар қатты ұлиды. Қасқырлар бір-бірімен байланысу үшін дауыс шығарудан бөлек әр түрлі дене қимылдарын да жасайды.	Қазақ тілі Түлкі Міндеті: Байланыстырып сөйлеу. -Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу. Күтілетін нәтиже: Жасайды: түлкі – жыртқыш аңдарға жататынын білді, қу, айлакер екенін білді; Түсінеді: Ертегінің әрбір кейіпкерлерін сомдайды; Қолданады: Ертегіні тыңдап ойын қосты, мақал-мәтелді жаттады, жұмбақты шешті; 1. Амандасу. - Сәлем балалар, көңіл күйлерің қалай...? -Сіздерге қазір жұмбақ жасырамын. Жауабын тапсаңыздар бүгінгі біздің аңдар саяхатын жалғастырамыз әрі қарай қандай аңмен	Сөйлеуді дамыту Әжесін қайсысы жақсы көреді? (Әңгіме) Міндеті: -әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу Күтілетін нәтиже: Жасайды: әңгіме мазмұнын бірін-бірі жалғастыру арқылы айтады; Түсінеді: әңгіменің мазмұнын, мақал-мәтелдің мағынасын, алғашқы көмектің қажеттілігін; Қолданады: дәрігердің айтқан ақыл кеңесін, дауысты – дауыссыз дыбыстарды ажыратады. Мақал-мәтелдерді қайталау. 1.Анаға бала алтыннан да қымбат. 2.Жаны саудын – тәні сау. 3.Ата – балаға сыншы. 4.Ата – бәйтерек. Бала – жапырақ	Көркем әдебиет Әдептілік әлемі Міндеті: Өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Әдептілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңді мәнерлеп жатқа оқиды; Түсінеді: өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсінеді; Қолданады: ересектермен, достарымен өзара қарым-қатынас жасай алады Балаларға көңілді амандасуды ұсынады. – Әлемі күліп, әркім өзінің атын айтып амандасындар. Өзін таныстырған бала ерекше амандасып, әртістерше басын иеді. Балалар қол шапалақтап, бір-бірін құрметтейді. – Балалар, амандасудың өзі де әдептілікке жататынын ұмытпайық – «Әдептілік» деген сөзді қалай түсінесіңдер? – «Әдептілік» деп үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, тазалықты сүю, достарын ренжітпей	Шығармашылық бейнелеу әрекеті (сурет салу,жапсыру,мүсіндеу,құрастыру) Ертегідегі құс Міндеті: - ертегі желісі бойынша сурет салуға үйрету - Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау - Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру - Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару Топтық жұмыс
--	--	---	---	---

	Қасқырлар етпен қатар жеміс-жидектерді де жейді. Сонымен қатар олар кішкене жәндіктермен, шұбалшаңдармен және өлекселермен қоректенеді. Аңшылардың ұйымдаса аулайтыны – қасқыр. Мал шаруашылығымен шұғылданатын елдің олай етпеуі мүмкін емес. Кейбіреулер оның атын «қас» (дұшпан) және «қыр» (дала), яғни «дала дұшпаны» деген екі сөздің мағынасын береді деп жорамалдайды. Қасқырдың баласын <i>бөлтірік</i> дейді. Олар апанда өмір сүреді. Жорытып дала кезіп дала тышқандарын аулап жейді. «Қасқыр мен жеті лаю» ертегісін айту	танысатынымызды табасыздар. <i>Өзі ширақ, өзі қу.</i> <i>Жүрген жері айғай-шұ:</i> Ол не? (ТҮЛКІ). Түлкі - ең ақарлы жыртқыш аңдардың бірі. Терісінің реңі қызғылт сары, құйрығы ұзын әрі жүндес, тұмсығы ұзын әрі жіңішке, ал көздерінен ақыл әрі айлакерлік аңғарылады. Түлкі кішкентай ит шамалас. Жирен аңның реңі шіп-шікіл түстен сұр түске дейін кездеседі. Солтүстік жақта мекендейтін түлкілердің терісі қызғылт түсті, қыр далада мекендейтін түлкілердің терісі сұр және сары түстес. Терісі кара түсті түлкілер де болады. Кара сұр түлкі терісі ең әлемі болып саналады. Сол себептен кара сұр түсті түлкілерді бұрыннан бері фермаларда өсіреді. Түлкі – тамаша аңшы. Байқапздық пен зеректілікпен қатар, түлкінің есте сақтау, иіс сезу қабілеті күшті және ол сақ құлак. Ата-бабаларымыз көшпелі мал шаруашылығымен өте ерте заманнан бері айналысып келген. Сол бағзы замандардан бері халық шеберлері мал		ойнау, қиын кезде көмектесуді айтамыз. – Бүгін біз ақын Ермек Өтетілеуұлының «Әдептілік әлемі» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріңе түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Педагог «Әдептілік әлемі» өлеңін оқып береді	
--	---	--	--	---	--

		мен аңның терісін, жүнін, мүйізін, сүйегін, тұяғын, құйрық-жалынын үлкен шеберлікпен ұқсатып, олардан киім-кешек, қару-жарак, ат әбзелдерін, ыдыс-аяқ, тағы басқа толып жатқан тұрмысқа қажетті бұйымдар жасаған. Әрбір іске әр түрлі терілер пайдаланылған. Тұлкінің күшігін ЖӘУДІР деп атайды. Әуелде олардың терісінің түсі қоңыр және күшіктерге ұқсайды, бірақ бір ерекшелігі – құйрығының ұшы ақ түсті болып келеді. Терісі бағалы аң, әсіресе, қарабурыл. Тұлкінің терісі жоғары бағаланады: Оның терісінен бас киім, тон тігеді. 2. Көлеңке театры. Сахналау. Рөлдерге бөліп, кейіпкерлердің мінез-құлдан сомдау. Алдымен, тәрбиеші немесе маман ертегіні интонациямен, дауыс ырғағымен балаларға оқып береді.			
Қайыңсіздік сабағы: «ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТ КЕЗІНДЕГІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ»					

Педагог ережелердің иллюстрацияларын пайдаланып, негізгі ережелерді түсіндіреді: Педагогті тыңдау және тапсырмаларды орындау: педагог сөйлеген кезде, оны тыңдау және оның нұсқауларын орындаудың маңыздылығы. Топта/сыныпта жүгірмеу: тек сыртта немесе спорт алаңында жүгіруге болады. Басқалардың заттарын рұқсатсыз алмау: достарының жеке заттарына құрметпен қарау. Ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде айқайламау: басқа балаларға келергі келтірмеу үшін жай және сабырлы сөйлеу. Мейірімді және құрметті болу. Үстел үстіндегі тәртіпті сақтау: заттарды/құралдарды өз орнына қою және тазалықты сақтау. Ұйымдастырылған іс-әрекет қорытындыларын шығару. Тәртіп (қауіпсіздік) ережелерін қайталау.	Пайдалы сілемелер: https://youtu.be/UMVKB4sqULE?si=eXG4pVrj6IVX9uBh https://orken-instituty.kz/ru/telefon-y-gorvachih-linii 	
---	---	--

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Дене тәрбиесі Ғарышқа саяхат Міндеті: екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру Күтілетін нәтижелер: Жасайды: екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру Түсінеді: заттарды аттап жүруді Қолданады: доптарды заттар арасынан домалатады екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру	Музыка Жомарт өлкем Міндеті: -Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету Күтілетін нәтижелер: Жасайды: шығарманы тыңдайды, сипаттайды; әннің дыбысталуын тембрі бойынша ажыратады, ән орындайды. Түсінеді: музыкаға сәйкес қимылдар орындау. Қолданады: музыкалық аспаптарда жеке және топпен ойнайды, ойынға қатысады. Музыка тыңдау: «Туған ел» (Л. Хамиди) Ән айту: «Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев) «Астана» (А. Досмағанбет) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жаса, Қазақстан» (үнтаспада) «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова) Билер: «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) «Асатаяқ биі» (қыздар) «Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Ноталарды орналастыр» («Дидактикалық	Дене тәрбиесі Жігіттер сайысы Міндеті: оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен секіру Күтілетін нәтижелер: Жасайды: оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен секіру Түсінеді: заттарды аттап жүруді Қолданады: доптарды заттар арасынан домалатады Арақашықтығы 70 см заттардың арасымен оң және сол аяқпен кезекпен секіруді жетілдіру. (3 рет) Қимыл-қозғалыс ойыны: «Еленде тұрып қалма». (4 рет) Ұстаушы бала таңдалады. Қалған балалар биіктігі 30 см заттардың үстінде тұрады. Балалар секіріп түсіп, зал ішінде жүтіріп жүреді. Педагогтің: «Ұста!» деген бұйрығы бойынша орындарына жүтіреді. Ұстаушы бала секіріп орындарына шыға алмаған балаларды ұстайды. Ұсталған балалар бір шетте отырады	Дене тәрбиесі Керуен Міндеті: бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру Күтілетін нәтижелер: Жасайды: Күтілетін нәтижелер: Жасайды: оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен секіру Түсінеді: заттарды аттап жүруді Қолданады: доптарды заттар арасынан домалатады «Классиктер»: бір құрсаудан екінші құрсауға бір және екі аяқпен секірулерін жетілдіру. Нұсқау: аяқтарының ұшымен жүлжін серпілу; жерді табанымен толық баспайды. (3 рет)	Музыка Біздің рәміздер Міндеті: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау Күтілетін нәтижелер: Жасайды: ән айту дағдыларын; дауысын дұрыс келтіріп орындайды. Түсінеді: кіріспе музыкадан кейін ән айтуды бастау. Қолданады: халық биін және мәнерлі қимылдарды орындайды, қазақтың ұлттық аспаптарында ойнайды. Музыка тыңдау: «Қазақстан жалауы» (Д. Омаров) Ән айту: «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова) «Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жаса, Қазақстан» (үнтаспада) «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңдеген Т. Ломова) Билер: «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Музыкалық аспапты ойнау: «Илигай» қ.х.э. (өнд. Б. Дәлденбай)
--	---	---	---	--

		ойындар» жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» к.х.э. (өнд. Б. Дәлденбай)			
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	Күзгі желді бақылау Мақсаты: балаларды табиғат құбылыстары, желдің соғуын, желдің бағытын, жылдамдығын бақылауға ажырата білуге үйрету. Тәрбиеші балалармен қай жақтан жел соғып тұрғанын бақылайды. Күндіз аспанда қалықтап бара жатқан бұлттарды бақылау. Жапырақтардың желден сыбырлағанын тыңдау. Қағаздан жасаған таспа(лентта), неге сыбырлайды? (соққан желден қозғалып сылдырлайды). Жерге түскен жапырақтарды, жоғары қарай лақтырып бақылау. Балалармен желді күні бұлттардың қозғалысын бақылауға болады. Желдің қатты соғуын анықтау үшін олармен ойын ойнатамыз айналма (вертушка), желбіреуішпен. Жеке жұмыс: Көркем сөз: - Бұлт-ау көкпен төнесің, Қайдан көшіп келесің, - Мұхит үрлесе, желемін! Жел үрлесе желемін! Қимыл – қозғалыс ойын «Ұшақтар». Мақсаты: әр – түрлі бағытта жүгіріп жүруге үйрету, бір – бірін қағып соқпай жүруге үйрету. Белгі бойынша жүріп тоқтауға жатықтыру. Алаңдағы енбек: Екі топқан	Гүлзарларды бақылау Мақсаты: Гүлдер туралы білімдерін бекіту, гүлдерді ажырата білуге, Олардың өсетіні, қурайтыны туралы түсінік қалыптастыру. Бақылау Күн жылы болып, күн сәулесі көп жылуын шашып және су құйылып тұрғанда гүлзарларда өсімдіктер жақсы өсіп, гүлдейді. Күзде күн суып, күн қысқарып, жер дымқыл тартып, бірақ жылу аз болып гүлдер солып, олардың орнына ұрықтар пайда болады, ол ұрықтардан көктемде жаңа өсімдік шығады. Жеке жұмыс Такпак: Гүл өсірем үйде Су құямын күнде Гүл күткенді біледі Бойын сылап сүйеді Күнде гүлін ашады Жұпарын маған шашады Ө.Тұрманжанов Қимыл – қозғалыс ойын «Мысық пен торғайлар». Мақсаты: жүруге, жүгіруге, шапшаңдыққа үйрету. Еңбек алаңында жұмыс істеу: Гүл ұрықтарын сіріңке қорапшасына жинау. Еркін ойындар Мақсаты: баланың жан – жақты дамуына әсер ету	Күзгі жәндіктерді бақылау Мақсаты: күздегі жәндіктердің жүріс-тұрыстарын жүйелі түрде бақылауды қалыптастыру. Бақылау: шөп үстінде секіріп жүрген шегіртке қайда кетті? Қанқыз неге көрінбейді? Неге қонақтар мен көбелектер көрінбейді? (олар тығылып қалды). Кімнен немесе неден тығылып қалды? (оларға суық болды) Олар қайда тығылды? (ағаштардың діңгектер жырығына, үйлердің тесіктеріне) Онда олар не істейді? (ұйыспайды). Жәндіктер тығылған жерлерді табу және олар қыстың қатты суығында өзіп қалмас үшін не істеуге болады? (ағаштың қабығына, түскен жапырақтарды астынан). Жерден құрғақ жапырақтарды жинап және оны себу Жеке жұмыс: Көркем сөз: «Көбелек» Көбелек –ау, көбелек! Әдемісің керемет Гүлге келіп қона ғой Өзің де гүл бола ғой. Қозғалмалы ойын: «Инерліктің әні» Мақсаты: сөздерді байланыстыра сөйлеуге, ырақты, қимыл-қозғалыс үйлесімділігін жетілдіру. Еңбек алаңында жұмыс істе Еркін ойындар Мақсаты: баланың жан – жақты дамуына әсер ету	Маусымдық өзгерістерді бақылау Мақсаты: маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту. Жазда күн ыстық, ал күзде таңертең күн салқын болып, түсте ыстық болады. Адамдар қысқа дайындалады. Құстар жылы жаққа ұшады. Жеке жұмыс: Такпак: Күзде жауын. Бұлт. Тұман Сары жапырақ жауады. Сары құйын ұйтқыған Сапырады ауаны Тапталады табанға Судыр- судыр жапырақ Өрттей сары бояуға Малыңандай атырап. М. Әлімбаев Қозғалмалы ойын: «Ұшақтар». Мақсаты: Шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. Алаңдағы енбек: құстарға жемсалғыш жасау. Еркін ойындар Мақсаты: баланың жан – жақты дамуына әсер ету	Жанбырды бақылау Мақсаты: Тірі және өлі табиғат арасындағы өзгерістерді бақылауды жалғастыру. Жазда жанбыр қатты жауады бірақ қысқа және жылы болады. Ал күзде жанбыр жиі жауып, суық боп келеді. Бұл кезде адамдар қолшатырдың астында тығылса, құстар ұяларына, ағаштың жапырағының астына жасырынады. Жанбырлы күнді терезеден бақылау. Жанбырдың терезені тарсылдатқанын тыңдап, тамшылардың терезе келіп түсіп аққанын тамашалау. Жолдарда қандай шалшық сулар пайда болғанын көру. Бүгін ауа-райы қандай? (Жанбырлы, күн бұлыңғыр), Жанбыр жиі жауып, күн суып, сіркіреп, жерде шалшық сулар пайда болды. Жанбырлы күнде жерді бақылау: ол қап қара, жабысқақ, сулы. Адамдардың киімдеріне көңіл бөлейік: (жауын өткізбейтін плащ, резенке етік, қолдарына қол шатыр ұстаған). Адамдар неге осылай киінген? Жеке жұмыс Такпак Жанбыр, жанбыр, жауа бер! Семен бақша, бауөнер Жадырасын туган жер Күміс моншақтама бер Қозғалмалы ойын: «Соқыр теке қоңыраумен» Мақсаты: балалардың көңіл күйін көтеру. Алаңдағы енбек: құстарға жемсалғыш жасау. Еркін ойындар Мақсаты: баланың жан – жақты дамуына әсер ету

	бөлініп ұшқан жапырақтарды шелек жинау. Еркін ойындар Мақсаты: баланың жан – жақты дамуына әсер ету				
Серуеннен оралу	Кімдерін ретімен шешу. Өз-өзіне қызмет ету.				
Балалармен жеке жұмыс	Арғынбай Медина Ертегі оқу. Суретпен жұмыс	Шаттық Қозайым Суретке қарап отырып әңгіме құрастыру	Қылқаламмен жұмыс. Дарбасөз Қайнар Қылқаламды ұстап суретті бояуға үйрету	Ережеп Жансая Сикырлы қарындаштар. Түрлі түсті қарындаштармен сурет бояу, түстердің атауын	Базарбай Ақжігіт Үш бөліктен тұратын суреттерді құрастыру.
Балалардың іс- әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, киім, бейнелеу, дербес және басқалары) *	Қимылды ойын: « Күн мен түн » Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. Ойын мазмұны: Балалар бірі « Күн», екіншісі « Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір-бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші « Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма-кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді.	Қимылды ойын: « Көгі-гөк » Мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Ойын мазмұны: Тақтақ айтып, бір қызды « кемпір» етіп сайлайды. Қалғандары қаз болады. « Кемпір» шетке шығып тұрады, басқа ойыншылар қаздай тізіліп, бірінің соңынан бірі ұстап: Гөк, көк, көгі көк, Гөк, көк, көгі көк. Гөк, көк, көгі көк.-деп қаздың жүрісіне еліктей ақырын оң мен солға шайқалып, « кемпірдің» қасына келеді. Бірінші келген балаға беріп: « Жоғалтқандар!»-деп тапсырады. Балалар айнала жүріп, қайтадан қаздай тізіліп « кемпірге» келеді. « Кемпір» Әлгің қайда? Қалды сайла!-деп сұрайды. Балалар бәрі бірдей. Әлгің қайда?- Қалды сайла!-деп жауап береді. Олай болса сендердің біріңді алып қаламын, деп « кемпір» балаларға бас салады. Балалар тізбегін жазбай қаша жөнелуі керек. Қолға түскен біреуін « кемпір» қасына алып қала береді. Ойын барлық балаларды түгел ұстап болғанша қайта жалғаса береді.	Қаржылық сауаттылық «Дүкен» дидактикалық ойын Мақсаты: балаларда өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу, айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасауға ынталандыру. Еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу. Материал: дүкенге арналған атрибуттар: ақша, тауарлардың бағалары, чектер, көкөністер мен жемістердің муляждары, ойыншықтар. Барысы: 1-нұсқа. Балаларға дүкеннің атауын ойлап табу, дүкенде не сатылатыны және дүкеннің ашылуы туралы жарнама ойластыру ұсынылады. Балалар жарнамалардың суретін салады және ұсынады. 2-нұсқа. Балаларға белгілі бір купюра беріледі және осы ақшаға дүкеннен қандай да бір тауар сатып алу тапсырылады. Балалар тауарларды таңдайды және бағасын есептейді.	Қимылды ойын: « Шарлармен алмасу » Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. Ойын мазмұны: Балалар орындықтарда дөңгеленіп отырады. Тәрбиеші қатар отырған екі балаға бір-бірінен шар береді де ары қарай басқаларға ауыстырады (біреуі оңға, біреуі солға ұсынады). Шарлар бір-бірімен екі жақтан кездескенде балалар « Соқтығысты» деген сөзбен оларды соқтықтырады. Одан кейін балалар орындарынан тұрып, дөңгелекті айналып, қарсы жаққа барады, қалғандары орындықтарынан тұрып: « Жүгірдік, жүгірдік...» деп дауыстайды. Балалар өз орындықтарына жүгіріп келіп: « Ол шарды басқа балаларға береді де ойын қайталанады. Бұл ойынды даладағы сазды алаңда өткізуге болады, онда балалар көк шөптің үстінде отырады	Қимылды ойын: « Кішкене өзен арқылы » Мақсаты: Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу Ойынның шарты: Ойынға бір топ (6-8 адамнан) бала тартылады. Алаңда бір-бірінен 1,5-2м қашықтықта екі сызық сызылады. Бұл өзен. Ойнаушылар сызықтың жанында-өзеннің жағасында тұрады. Олар өзеннен анық сызылған дөңгелектер арқылы аяғын суламай, тастан-тасқа секіріп өтуі керек. Дөңгелектердің арасының қашықтығы балалардың оларға бірінен-біріне секіре алатындай болуы керек. Өзеннен қатарынан 2-3 бала өтеді, ал қалғандары тәрбиешімен бірге оларды бақылап тұрады. Секіре алмай, аяғын сулап алғандары оны күнге кемпіруге кетеді-орындыққа отырады. Кейін олар ойынға қайтып араласады, тәрбиеші оларды қалай болса да мақтап, жағанын екінші жағына өтуге көмектеседі.

Балалардың үйге қайтуы	Өнегелі 15 минут Ата-аналармен кеңес: «Балалар агрессиясы» Агрессивтілікті емдеу Агрессивтілікті емдеу үшін алдын-алу сияқты әдістер қолайлы. Мұндай тінттегі бала үшін тек мейірімді сөздер оның ашуын жоя алады. Мұндай баланы бүлінген деп санаманыз. Егер сіз осылай ойлай бастасаңыз, сізде неліктен кету, баланы қабылдамау сезімі болуы мүмкін. Ол мұны міндетті түрде сезінеді, ал ең жақын адамдар арасында жалғыздық сезімі баланың өте қиын болуына әкелуі мүмкін. Баланың өзі агрессивтіліктен көп зардап шегеді: ол ата-анасымен жанжалда, достарынан айырылады, үнемі тітіркенуде және жиі қорқынышта өмір сүреді. Мұның бәрі баланы бақытсыз етеді. Мұндай балаға қамқорлық пен жылулық-бұл ең жақсы дәрі. Ол әр сәтте ата-анасының оны жақсы көретінін, бағалайтынын және қабылдайтынын сезінсін. Бала сізге қажет және маңызды екенін көрсін.
--	---